

## § 8. 610-1258 жылдар аралығындағы ислам тарихында қандай басты оқиғалар орын алды?

### Негізгі терминдер мен есімдер

Мұхаммед, Мекке, Алла, ислам, мұсылмандар, Медина (Ясриб), хижра, Құран, халиф, Омейя әулеті, Аббас әулеті, харун ар-Рашид.

### Бүгінгі сабақта

сендер 610-1258 жылдар аралығында ислам әлемін өзгерткен оқиғаларды анықтайсыңдар.



Көшпелі араб тайпалары - бедуиндер

### Басты идея

VII ғасырда Арабияда пайда болған ислам аз уақытта әлемдік дінге айналды.

Статистикалық мәліметтер бойынша Таяу Шығыс елдеріндегі ең кең тараған есім – Мұхаммед. Бұл есім Еуропа мен Азияның көптеген елдерінде де танымал. Қазіргі таңда ер адамдардың 150 миллионға жуығы есімін иеленіп жүрген ол адам кім болған?

**Арабия мен оның тұрғындары.** Арабтардың отаны болып табылатын Арабия түбегі – Азия мен Африка материктерінің ортасында орналасқан. Ол арқылы шығыс елдері мен Еуропаны байланыстыратын негізгі керуен бағыттары өткен.

Арабия жерінің көп бөлігі ыстық, сусыз шөлді аймақтар. Оны мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі тайпалар мекен еткен. Олар құрамалы шатырларда тұрды және түйе, жылқы, қой өсірумен айналысты.

Сауда жолдарының бойында қалалар салынды, олардың арасындағы ең ірісі Мекке болды. Құнарлы көкөрай жерлерде жер иеленушілер құрма, зәйтүн, арпа және бидай өсірді.

Жайылым жерлер үшін тайпалар арасында жиі соғыс болатын. Әр тайпа өздерінің тәңіріне, пұтқа табынған.

**Исламның пайда болуы.** 570 жылы Мекке қаласында, шаруа көпес отбасында Мұхаммед атты ұл дүниеге келді. Ол жастайынан жетім қалды. Бала кезінен қой бағып, содан соң бай туысқандарының керуенінде саудаға араласып, жұмыс істеді.

**610** жылдан бастап Мұхаммедте көріпкелділік пайда болды. Ол Құдайдың сөздерін естіді және де олар оның жүрегіне енді. Мұхаммед исламға шынайы сенім арттыру үшін өзін Алланың елшісі деп жариялап, арабтарды ислам дініне енуге уағыздады. Алайда Мекке тұрғындары **мұсылмандарға**, яғни **Аллаға** қарсылық танытты. **622** жылы Мұхаммед өзінің сенімді жақтастарымен бірге пайғамбардың қаласы деп аталып кеткен көрші Мединеге немесе бұрынғы Ясриб қаласына қоныс аударуға мәжбүр болады. Бұл қоныс аудару хижра, яғни мұсылмандық жылсанаудың басы болды. Бірте-бірте барлық араб тайпалары ислам дінін және Мұхаммедтің билігін мойындады.

Мұхаммед жеңіспен Меккеге оралған 630 жыл арабтардың біріккен жылы болып есептеледі. Мұсылмандар үшін қасиетті Құран кітабы Мұхаммедке Алладан жі-

берілген аяттардан тұрады. Елдегі билік қасиетті Құран аяттары және шарифат заңдары арқылы жүргізілді. Мұхаммед арабтарды 632 жылы қайтыс болғанға дейін басқарды. Оның ізбасарларына халиф (пайғамбар ісін жалғастырушы, жолын қуушы деген мағынаны білдіреді) деген атақ берілді. Сол себепті мемлекет Араб халифаты (632-1258 жж.) деп аталған.


**Арабтардың жаулап алушылық жорықтары.** Пайғамбардың туының астында біріккен арабтар көрші елдерді жаулап алуға кірісті. Византия мен Иран арабтармен соғыста жеңіліске ұшырады. 636-641 жылдары арабтардың атты әскерлері Иран, Палестина, Сирия, Месопотамия және Египетті жаулап алды. Кейіннен арабтар Солтүстік Африка мен Кіші Азияны тұтастай жаулап алып, Кавказ елдеріне дейін жетті.



Құранның беттері




Араб жауынгері



VII - VIII ғасырлардағы Араб халифатының жаулап алу жорықтары

### Тапсырманы орындаңдар

Жаңа діннің пайда болуы мен Араб халифатының құрылуының өзара байланысын логикалық тізбекке қарай отырып дәптерге толтырыңдар.



Араб халифатының құрылуы

### Деректі зерттеңдер

«Зейд жолға шығар алдында Мұхаммедтен мынадай уағыз алған: жаулармыздан ислам дінін қабылдауды және Мәдинеге қоныс аударуды талап ет, осы жағдайда олар қоныстанушылардың құқықтары мен міндеттеріне ие бола алады. Егер олар өз елінде қалса, мұсылман арабтармен қатар Алланың әмірі бойынша өмір сүреді, бірақ олжадан ештеңе ала алмайды. Бірақ әскери жорықтарға қатысқан жағдайларда өз үлесіне толық қожайын болады. Егер олар ислам дінін қабылдасамса, жалпы салықты төлеуді талап ет. Егер олар келісімін бермесе, олармен шайқасқа түс».

Ахмед ибн-Яхъя Белазури,

### Ойлаңыңдар

Жаулап алынған елдер үшін біртұтас мемлекеттің құрамына кірудің қандай салдары болды?

**Араб халифаты.** Араб халифатының құрамына үш құрлықта орналасқан жерлер кірді. 661 жылдан бастап билікке мемлекеттің астанасын Меккеден Дамаск қаласына ауыстырған Омейя әулетінен шыққан халифтер келді. Омейя әулеті басқарған Араб халифаты орта ғасырлардағы ең ірі мемлекеттердің бірі болды. 750 жылы оларды Аббас әулеті ауыстырды. Бұл әулет ел астанасын Бағдат қаласына көшірді және көп ұзамай мемлекет атауы да Бағдат халифаты деп аталатын болды.

**Тарихи есім**



**Һарун ар-Рашид**  
Һарун ар-Рашид (786-809) Аббас әулетінің төртінші халифы. Ол билік еткен тұс мемлекеттің гүлденген кезеңі болды. Һарун ар-Рашид арабтардың әйгілі «Мың бір түн» ертегісі кейіпкерлерінің бірі. Бағдаттағы университет пен кітапхананың негізін қалаушы.

<b>632–661 жж.</b> Әділетті халифтер кезеңі Астанасы - Мекке	<b>661–750 жж.</b> Омейя әулеті кезеңі Астанасы - Дамаскі	<b>750–1258 жж.</b> Аббас әулеті кезеңі Астанасы - Бағдат
--	---	---

**Араб халифатының тарихи кезеңдері**

**Бағдат халифаты** сол заманда әлемдегі ең бай ел саналатын. Еуропалық және азиялық нарықтарды, сауда жолдарын байланыстыратын теңіз және құрлықтық бағыттарды бақылау араб көпестерінің қолында болды. Халифат аумағында өндірілетін кілемдер, маталар, әшекей бұйымдар, қару-жарақ және тәттілер бүкіл әлемге таралды. Бағдат тұрғындарының саны еуропалық қала халықтарының санынан жүздеген есе артық болды. Һарун ар-Рашид сияқты билеушілердің даңқы халифаттан тыс жерлердегі алыс елді мекендерге дейін жетті.

Алайда, түрлі халықтардан құралған Араб халифаты берік болмады. Мұндай үлкен мемлекетті басқару тек қарудың күшімен ғана мүмкін болды. Бұл сияқты ала-құлалық, халықтың наразылықтары Халифаттың күшін әлсіретті. Мұсылмандардың арасында да бірлік болған жоқ. Провинциялардың билеушілері халифат билігінен шығып, өзінің тәуелсіз мемлекетін құруға ұмтылды.

XI ғасырдың басында үлкен держава бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге ыдырап кетті. Құрылған мемлекеттер Араб халифатының өмір салтын, діни және мәдени дәстүрлерін, басқару жүйесін жалғастырды.

XIII ғасырда ислам елінің шығысына моңғолдар басып кірді. 1258 жылы Халифаттың 626 жылдық дәуірі Бағдаттың талқандалуымен аяқталды. Одан кейінгі кезеңде мұсылман әлеміне жетекшілік ету Осман сұлтандығының қолына көшті.

**Қорытынды жасаңдар**

«Ислам тарихының негізгі оқиғалары» тақырыбындағы сызбаны толықтырыңдар. Қай оқиғаларды негізгі деп санауға болады?

**Ислам тарихындағы негізгі оқиғалар**

Жылдар	Оқиға	Әсерлері
610 ж.	Мұхаммедтің уағыздаушы міндеттерінің басталуы	Арабтар арасында ислам дінінің таралуы